

Егемен Қазақстан

Жаһандық тәртіп



Henry
Kissinger
World
Order

Әлемдік геосаясат және жаһандық дипломатия жөнінде күллі әлемге әйгілі іргелі монографиялар мен мақалалар топтамасын жарыққа шығарған ғұлама саясаткер-ғалым Генри Киссинджер кезінде АҚШ президенттері Ричард Никсон мен Джеральд Фордтың Ұлттық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі кеңесшісі болуымен қатар өзге де президенттердің сыртқы саясат жөніндегі ақылшысы болып қызмет атқарған. 1973 жылы ол Нобель сыйлығымен марапатталған. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Генри Киссинджер АҚШ армиясының қатарында болып, одан кейінгі дәуірде 20 жыл бойы Гарвард

университетінде «тарих» және «мемлекет» пәндері бойынша ұстаздық еткен. Бұл күнде айтулы ғұлама ғалым – өзінің атындағы халықаралық фирманың жетекшісі.

Генри Киссинджердің 2014 жылы жарық көрген «Жаһандық тәртіп» («World Order») атты монографиясын жаһандық тарих пен әлемдік стратегияның, сондай-ақ мемлекеттік істерді іске асыру жөніндегі ой-толғамдарының жиынтығы десе де болады. Кәдімгі бір ғаламшардың төбесінен айнала көз жіберіп, күллі әлемді барлап тұрғандай, автор аталмыш туындысында тарихтың ғаламат тектоникалық қатпарлары мен жер бетіндегі іргелі мемлекеттердің мүдделерімен қатар олардың қозғаушы күштерін мұқият зерттейді және Еуропада XVII ғасырдың ортасынан бастап бүгінгі кезеңге дейін қалыптасқан мемлекеттер мен империялардың жер шарының өзге аймақтарына қатысты көзқарастары мен ұстанымдарын жан-жақты сараптайды.

Монографияның кіріспе бөлімінде Генри Киссинджер: «шын мәнінде, «жаһандық тәртіп» ешқашан болған емес», – дейді. Алайда ғұлама саясаткер тарихта ғаламдық тәртіпке теңесетін төрт іргелі «тәртіптің», атап айтқанда, еуропалық, исламдық, қытайлық және америкалық тәртіп ошақтарының болғанын жоққа шығармайды. Сәйкесінше, 420 беттен тұратын ғалымның көлемді монографиясы кіріспе мен қорытындыдан бөлек аталмыш «тәртіп ошақтарына» бағышталған тараулардан тұрады.

Бүгінгі замандағы әлемдік тәртіп деген ұғымның негізі, Генри Киссинджердің пайымдауынша, Батыс Еуропада осыдан төрт ғасыр бұрын шамасында Германияның солтүстік-батысындағы тарихи Вестфалия облысында өзге құрлықтар мен өркениеттердің қатысуынсыз өткен бейбітшілік конференциясында қаланған. Ал Вестфалия конференциясынан бір ғасыр бұрын Орталық Еуропада орын алған шектеулі қақтығыстар мен саяси шиеленістер тым асқынып, 1618-1648 жылдар арасында толассыз лаулаған 30 жылдық соғыс өртіне ұласып кеткен. Саяси және діни мүдделер ушықтырған әлгі соғыстың салдары Орталық Еуропа халқының төрттен біріне жуығын жұқпалы аурулар мен аштыққа да қоса ұшыратып, шалғыдай шауып, жалмап кеткен. Соғыстан әбден әлсіреп, титықтаған тараптар енді қайта бас қосып, соғыс өрті тудырмайтын жолдарды бірге іздестіруге бел байлайды. Соның нәтижесінде Еуропадағы бүгінгі әлемдік тәртіптің алғышарттары, яғни көппартиялы саяси бірліктер жүйесі, баламалы көзқарастағы тараптардың мүдделерімен қатар қалыптасқан ұстанымдарымен есептесу, сондай-ақ шиеленістерге жол бермейтін бейтарап шешімдер қабылдауға тырысу сияқты көкейге қонымды үрдістер қалыптасқан.

Өз кезегінде вестфалиялық бейбітшілік конференциясы адамзат өркениетінде теңдесі жоқ моральдық құндылықтардың қалыптасуына жол ашқан. Ол құндылықтар жүйесінің іргетасы төмендегідей: аталмыш жүйе егемен мемлекеттерге бір-бірінің ішкі істеріне қол сұғуға жол бермейді әрі бір-бірінің мақсат-мүдделерін күшпен бақылауға да тыйым салады. Бұл біріншіден.

Екіншіден, еуропалық пікірталас сайыстарында бір ғана шындық немесе әмбебап жалғыз ереже үстемдік ете алмайды. Мұның орнына әрбір мемлекет өз территориясында өзінің суверенді жеке билігін жүргізуге құқылы.

Үшіншіден, әрбір мемлекет көрші мемлекеттердің ішкі құрылымдарын мойындауға және діни ұстанымдарымен есептесуге тиісті, сондай-ақ оларды жойып жіберуден бас тартады.

Бүгінде әрі табиғи, әрі әр тараптың қалауынан шығатын билік тепе-теңдігі мемлекет көшбасшыларының мақсат-мүдделерін де бір-бірімен теңестіріп, теория жүзінде болсын, шиеленістер мен қақтығыстар ошағын барынша азайтады.

Төртіншіден, Еуропа тарихындағы жоғарыдағыдай баламалы пікір сайыстары мен көппартиялық үрдістің орнығуы өзіндік айрықша философиялық ұстанымдағы халықаралық жаңа тәртіп жүйесінің ерекше үлгісіне айналды. Осы тұрғыдан келгенде, Еуропаның соғыс өрті тоқтату үшін қолға алған шаралары бүгінгі заманауи түсінікті, яғни бүкіләлемдік практикалық мәні бар әмбебап тәртіпті көпшілік пікірі мен сабырға иек арта отырып орнату керектігін алдын ала ойластырып, кесіп-пішіп қойғандай.

Солайы солай болғанмен, Генри Киссинджердің пікірінше, XVII ғасырдағы Вестфалияда бейбітшілік конференциясын ұйымдастырған келіссөз жүргізуші тараптар өздерінің күллі әлемге қатысы бар жүйенің негізін қалап жатқандарынан бейхабар-тын. Сондықтан да болар, олар бұл келіссөзге көршілес Ресейді тартуға мүлде тырыспаған. Оның үстіне ол кезде патша саясатымен келіспеген боярлар ушықтырған алапат лаң мен елді жайлаған аштықтан Ресей тұралап барып, енді ғана оңала бастаған болатын.

Генри Киссинджердің пікірінше, ол дәуірде, яғни XVII ғасырда әлемдік тәртіп деген ұғым белгілі бір географиялық ортамен ғана шектелетін, өйткені ол кездердегі қолжетімді технологияның әлеуеті күллі әлемді қамтитын ортақ тәртіп орнатуға мүмкіндік бере қоймайтын.

Аталмыш монографиясында Еуропадан мүлде шалғайда, дәлірек айтқанда, алпауыт еуразиялық кеңістіктің оңтүстік-шығыс қапталында жатқан Қытай өркениетін де әлемдік тәртіптің бір ошағы ретінде қарастырады. Бұлай етуге ғалымның толық негізі бар, өйткені Қытайдың ішкі-сыртқы саясаты мен халықаралық дипломатиясын, сондай-ақ мәдени құндылықтарын соншама терең зерттеген Киссинджердей ғалым саусақпен ғана санарлық десек, мүлде артық айтқандық емес. Мұның бұлтартпас дәлелі ретінде, ғалымның өзіміз осыған дейін тілге тиек етіп отырған монографиясынан бөлек 2011 жылы жарық көрген «Қытай туралы» («On China») атты 604 беттік іргелі туындысына сілтеме жасасақ та әбден жеткілікті. Ғұлама саясаткердің пікірінше, Қытай теориялық тұрғыдан, шын мәнінде, әлемдік тәртіпке сай келетін бірегей философиясы мен әмбебап құндылықтар жүйесінің иесі болып табылады.

Халықаралық қатынастар тұрғысынан келгенде, Генри Киссинджер Батыс әлемінде, яғни Еуропада қалыптасқан дипломатия мен Қытайдың сыртқы саясаты арасында жер мен көктей айырмашылық бар екенін де жасырмайды. Себебі империялық Қытай о баста басқа елдермен дипломатиялық байланыс орнатып, шет елдерде тұрақты елшіліктер ұстауға мүлде құлықты болмаған, өйткені әлемде өзіне тең келетін өзге өркениет пен мәдениет ошағы бар деген түсінік еш уақытта да Аспанасты елінің қаперінде болмаған әрі ол өркениет өзгелердің бәрін де варварлар деп санаған.

Өз туындысында Генри Киссинджер Еуропа мен Қытай аралығындағы алып кеңістікті алып жатқан Мұсылман әлемінің де өзіндік әлемдік тәртіп қағидасы бар екенін алға тартады. Өйткені күллі әлемді тек жалғыз Алла ғана біріктіріп, оған жалғыз Алла ғана билік жүргізеді деген монотейістік тартымды қағиданың арқасында алдымен Араб әлемінің басын біріктіргенін, сосын Парсы империясын қоса қамтып, одан соң Таяу Шығыс пен

Солтүстік Африканы, сондай-ақ Азияның көптеген бөлігі мен Еуропаның да біраз аймақтарына жайылғанын көлденең тарта келіп, Османлы империясы тарихындағы ең тегеуірінді билеуші Мехмет Сұлтанның «Әлемде бір ғана империя, жалғыз ғана дін және жалғыз суверенитет қана болуы керек» деген пайымына сілтеме жасайды.

Бұдан әрмен қарай Генри Киссинджер әлемдік тәртіптің ерекше сипатты іргетасының Атлант мұхитының батыс жағындағы «Жаңа Әлем» атанып кеткен Америкада да қалана бастағанын тілге тиек етеді. XVII ғасырда Еуропада етек алған саяси-секталық жікшілдік секілді, Ағылшын шіркеуін католиктерге тән құндылықтардан тазартып, протестанттық құндылықтарды қайта қалпына келтіруді мақсат тұтқан Еуропадан қоныс аударған пуритандықтар о баста Еуропада негізі қаланған әлемдік тәртіп үдерістерін енді Америкада да белсенді жалғастырған болатын. Сөйтіп тек АҚШ қана емес, Еуропа мемлекеттерінен бастау алып, Жаңа Әлемде жаңа мелекеттер қалыптастырған романтилді өзге өркениеттер де вестфалиялық әлемдік тәртіп қағидаларының тұтынушысы мен қорғаушысына айналған болатын.

Генри Киссинджердің пікірінше, вестфалиялық тәртіп элементтерін жоғарыда аталған әлемдік мәні бар тәртіп ошақтарының бәрі де белгілі бір мөлшерде басшылыққа алғанымен, олардың ешқайсысы да әлгі тәртіптің табиғи қорғаушысы ретінде сезінбейді. Өйткені олардың бәрі де өздерінің ішінде орын алып отырған іргелі өзгерістерге тікелей тәуелді.

Оның үстіне адамзат өркениеті бүгінгі таңда шиеленістерге толы дүрбелең дәуірді бастан кешіріп отыр. Кәдімгі Крыловтың аққу, шортан және шаян туралы астарлы да қисынды әңгімесіндегідей, текетіресте тұрған бүгінгі әлем алпауыттарының ортақ мәмілеге келе алмайтыны айқын көрініп тұр. Бір-бірімен ымыраға келіп, ортақ уағдаластыққа келудің орнына бұрын қол жеткізілген заманауи халықаралық шарттарды қасақана бұзып, бірін-бірі саяси-экономикалық санкциялармен сабалап, ол аз болса, қырып-жоятын тажал қаруларын да кезеніп, бірін-бірі жапырып тастауға да, тіпті жойып жіберуге де даяр отыр. Демек, мұндай аласапыран заманда таяу арада жаһандық тәртіп орнай қояды деуге мүлде негіз жоқ. Өйткені Генри Киссинджердің тағылымға толы, дәйекті де дәлелді туындысы осылай деуге жөн сілтейді.

Әділ АХМЕТОВ

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық жоғары мектеп Ғылым академиясының академигі